

XFTAP 71.37.75

Д.А.Сейдуалин¹, Н.Б.Темірәлиева²

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: darken68@mail.ru¹, nurka_22-85@mail.ru²)*

Мәдени-тарихи туризмді дамытудағы мемлекет саясаты

Аңдатпа. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саласындағы туризм бағыты мен оны ұйымдастыру саясатының маңыздылығын айқындайды. Мәдени-тарихи туризмді интерпретациялау әдістеріне тоқталады. Туризмнің осы саласына тән бәсекеге қабілетті артықшылықтарын талқылайды. Тарихи-мәдени мұраны мәдени туризмді дамыту үшін белсенді қолдану, тарихи және мәдени ескерткіштерді туризм инфрақұрылымының маңызды бір бөлігі ретінде қарастырады. Қазақстанда мәдени-тарихи туризмді дамытудағы туристік өнімді қалыптастырудағы туристік кластерлердің келешегін айқындайды. Туристік инфрақұрылымды кеңейтудің тиімділігі мәдени-танымдық туризм орталығы ретінде экономикалық тетікті өңірді дамыту бойынша ұсыныстар әзірленеді. Тарихи ескерткіштердің, қалалардың тарихи маңыздылығын зерттеп, бүгінгі күнгі Қазақстан туризмінің дамуына қосар үлесі зор екендігін айшықтап көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы туризм саясатын, мәдени-тарихи туризм саласындағы өзекті мәселелер мен оларды жүйелі шешу жолдарын талдауға талпыныс жасайды.

Түйін сөздер: Туризм саласы, мәдени-тарихи орындар, мемлекеттік саясат, туристік саясат

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2018-4-50-58>

Кіріспе. Халықаралық туризмнің дамуымен және оның қоғамдық маңызы бар әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, экологиялық феноменге айналуымен туристік қызметті оңтайлы реттеу мен басқару мәселелерінің өзектілігі артты. Мемлекеттік органдар туристік ағымдарды реттеумен ондаған жылдар айналысқанымен, қоғам өміріндегі туристік қызмет рөлінің едәуір өсуі және туризммен байланысты процестерге белсенді мақсатты түрде бағытталған ықпал етудің объективті қажеттіліктері ХХ ғасырдың 60-70 жылдары мемлекеттің жалпы әлеуметтік-экономикалық саласында сәйкес бағытты, яғни туристік саясатты анықтауды шарттады. Қазіргі таңда экономикасы дамыған елдер мен бірқатар дамушы мемлекеттерде мемлекеттік саясаттың экономика, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, инновациялық және басқа да бағыттарымен қатар туристік саясат сыртқы және ішкі саясаттың ажырамас бөлігі екендігі таңқаларлық жайт емес.

Дүниежүзілік туристік ұйым әзірлеген классификацияға сәйкес саяхаттау мақсаты бойынша туризм мынадай топтарға бөлінеді:

- рекреациялық мақсаттар:
 - танымдық туризм;
 - білім туризмі;
 - спорт туризмі;
 - шытырманға толы туризм;
 - экзотикалық туризм;
 - экологиялық туризм;
- әлеуметтік мақсаттар;
- іскерлік және кәсіби мақсаттар;
- туған-туыстары мен таныстарына қонаққа бару;
- дін (зиярат ету) [1].

Жоғарыда көрсетілген туризм түрлерінің әрқайсы адам үшін әлемді жаңадан ашуға, қайтадан ұғынуға мүмкіндік беріп, туризмнің ең басты қызметі – қайта қалпына келтіруді жүзеге асырады. Басқа елдің мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен және табиғатымен таныса отырып адамның рухани әлеми байи түсетіні ақиқат, яғни туризмде

гуманитарлық әлеует негізі жатыр. Мәдени құндылықтар жүйесімен жақынырақ танысу мен ұғыну адам өмірін байыта түседі, білімін тереңдетіп, дүниетанымын кеңейтеді. Бүгінгі күнге дейін жеткен өнер туындылары мен тіл, жазу, өнер сияқты мәдениеттің басқа да құбылыстарын зерттеу, оларды әлемге паш ету арқылы мемлекеттер өткен кезеңдер, ондағы халық тұрмысы мен өмірі, әдет-ғұрыптары мен нормалары туралы білімдерін жетілдіріп, этнос және ұлт негізін нығайту мақсатында жұмыс жасап келеді.

Мемлекетте дұрыс жүргізілген саясат негізінде туризмнің дамуын, оның заманауи әлемнің экономикалық тиімді құбылыс екендігін, мемлекеттер дамуының экономикалық кезеңдері мен оларда туризм дамуының тиесілі ерекшеліктері арасындағы корреляцияны анықтаған америкалық экономист П.Ротоу әлем экономикасының бес нарығына (тауар нарығы, қызмет көрсету нарығы, капитал нарығы, құнды қағаздар нарығы, жұмыс күші нарығы) да ықпал ететіндігін көрсетті.

В.А. Черненко мен Т.Ю. Колпащикова «Развитие культурно-познавательного туризма в Северо-Западном федеральном округе Российской Федерации» атты монографиясында туризм саласында жүргізілген зерттеулерінің нәтижесін жариялай отырып, туризмге, оның ішінде мәдени-танымдық, тән мынадай ерекшеліктерді анықтаған:

- отбасы, фирма және қоғам ресурстарының шектеулі жағдайында адам қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында туристік қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процесінде адамның экономикалық жүйенің барлық деңгейлерінде шаруашылық субъект ретінде әрекет етуі;

- елдің халықтық шаруашылық кешеніндегі өндіріс пен экономикалық қызметтің белгілі бір салалық түрлерін қамтитын бөлігі;

- туристік өнімді өндіру, оны тұтыну, бөлу және айырбастау салаларында ғадетті зерттейтін қоғамдық ғылым;

- жаңа жұмыс орындарын құру базасы, кейде жаңа аймақтарды игеру алғышарты мен экономика дамуының катализаторы болуы мүмкін;

- туризмге бағытталған өңірлер пайдасына кірісті қайта бөлу механизмі;

- экономиканың барлық салалары үшін мультипликациялық эффектіге жету жолы;

- экономиканың тиімділігі жоғары және табысы көп саласы;

- табиғи және мәдени-тарихи мұраны қорғау және қалпына келтіру мақсатында кірісті қайта бөлудің негізі;

- адам шаруашылығы және қызметінің барлық салаларымен үйлесімде әрекет ете алатын сала, себебі адамның орын ауыстыруы мен білімге ізденісінің дифференциациясы мен дискреттілігі рекреациялық орта әлеуетінің әртүрлігін қалыптастырады [2].

Осылайша, мәдени-тарихи туризм, әрине оны дамыту саясаты дұрыс бағытта құрастырылса, өңір экономикасына, оның шаруашылық, әлеуметтік және гуманитарлық негіздеріне белсенді ықпал етуі әбден мүмкін.

Кез келген халықтың мәдени мұрасын суретшілер, сәулетшілер, музыканттар, жазушылар туындылары мен ғалымдар еңбектері ғана құрамайды, фольклор, ұлттық тұрмыс-тіршілік, фестивальдар, діни рәсімдер және т.б. сияқты материалдық емес игіліктер де қалыптастырады. Мәдениет объектілерімен танысу мәдени-танымдық немесе мәдени-тарихи туризм аясында орын алады. Осылайша, мәдени-тарихи туризм мәдени байланыстар мен халықаралық ынтымақтастықты орнатудың маңызды құралына айналады.

Адам үшін мәдени-танымдық қызмет пен рекреацияның маңызды рөлін түсіну және тарихты, дінді, дәстүрді, өмір сүру стилі мен образы ерекшеліктерін тануда адамның мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттілігін мойындау артында туризмдегі философиялық-мәдениеттанулық негіздеме жасырынған. Адам өмірінің осы тұстары туралы толық көзқарас сол мәдениет өкілдерімен тікелей байланыс орнату нәтижесінде қалыптасады.

Мәдени-тарихи туризмді интерпретациялаудағы әдістердің көптігі жалғыз ақиқат анықтама беру талпынысын қиындатады. Сондықтан талданатын құбылысты қарастыруда екі негізі әдісті, яғни:


- техникалық әдісті;
- концепциялық әдісті айқындаған нәтижелірек болады.

Бірінші әдіс мәдени-танымдық мақсатта туристер ағымын тартатын дистанция түрлерін суреттеуге құрылған. Бұл әдіс мәдениетті өнім ретінде ұсынатын концепцияны негізге алады.

Екінші әдіс, керісінше, туризмнің осы түрінің негізінде жатқан түрткіні не себепті сипаттауға тырысады және адамдардың мәдени-тарихи объектілерді аралауына ұмтылысын олар туралы жаңа ақпарат білу құштарлығымен түсіндіреді. Концепциялық әдіс «мәдениет процесіне» бағытталғаны туралы толық сеніммен сөз етеміз. Туризм және демалыс саласындағы білім беру жөніндегі еуропалық қауымдастық жарияланымдарында мәдени-танымдық туризмнің басты аспектісі «білім элементі» екенін ерекше көрсетеді [3, 18-19].

В.Э. Гордин және М.Д. Сущинская пікірінше, мәдени туризм дегеніміз – бұл мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жаңа ақпаратқа, тәжірибеге және әсерге қол жеткізу мақсатымен мәдени оқиғаларды, мұражайлар мен тарихи орындарды, сурет туындыларының галереясы мен музыкалық және драма театрларды, концерт алаңдары мен тарихи мұрамен байланысты жергілікті халықтың әдетте бос уақытын өткізетін орындарды, заманауи сурет өнерін және орындаушылық өнерді, дәстүрлі құндылықтарды, резиденттердің айналысатын шаруашылық түрлері мен күнделікті өмір сүру стилін қамтитын мәдени көрікті жерлерді аралауға толық немесе жартылай қызығушылығымен мотивтелген индивидтердің тұрғылықты мекенжайының шегарасынан тыс жылжуы [3, 63-65].

Экономикалық тұрғыдан мәдени-тарихи туризм қазақстандық қоғам санасын дамытуы мен Қазақстанның дүниежүзі басқа қауымдастықтарымен жақындасуына бағытталған күштерді жұмылдырудың тиімді саласы ретінде көрініс табу қажеттілігі бар. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның Ғылым мен мәдениет саласындағы саясат жөніндегі үкіметаралық конференциясында мүше-мемлекеттерге ұсынылған Әрекет ету жоспарында мұраның жаңа категориялары пайда болғандығы туралы айтылады. Мұраның жаңа категориялары ішінде ғылыми алмасу, мәдени-танымдық (немесе мәдени-тарихи) туризм, ғылыми-ізденушілік туристік әрекет бар. БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік туристік ұйым берген бағалауға сәйкес мәдени-тарихи туризм әлемдік туристер ағымының шамамен 10% құрайды. Еуропада мәдени-тарихи туризм көрсеткіші жоғары – Еуропалық Одақ елдеріне келетін туристердің 25% жуығы мәдени-тарихи орындарды аралау мақсатында келеді. Сарапшылардың пікірінше Еуропа елдеріндегі мәдени-тарихи туризм көрсеткіші жақын болашақтағы 10 жыл ішінде 50% жетеді [1].



Сурет 1. Қазақстан туризм индустриясының құрылымы

Көрсетілген құрылым туризм индустриясының қазіргі бөлімін қамтиды және Қазақстан Республикасының жаңа туристік саясаттың құрылуына негіз бола алады. Демек, туризм индустриясы қиын экономикалық жүйе. Қазақстанда туризм индустриясының дамуы мемлекеттің бюджетіне қаржы түсіріп, туризммен байланысты және Қазақстан экономикасының басқа салаларына қатысты қиын әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және басқа проблемаларды шешуге көмектеседі.

Мәдени-тарихи туризмді мемлекет үшін тиімді әрі табысты ету үшін, ең алдымен, мәдени-тарихи туризм дамуының итермелеуші күші – адами фактор екендігін ұғыну; екіншіден, Қазақстан Республикасы территориясының әлеуетін шынайы бағалау; үшінші, туристік-рекреациялық кластер аясында туризм индустриясы салаларының өзара әрекет ету үлгісін жасау қажет.

Қазіргі ішкі туризм экономикалық құбылыс ретінде индустриалды формасы бар, ұлттық экономиканың жылдам дамуының катализаторы болып ілгері басып, жаңа жұмыс орындарын береді, ұлттық кірістің өсуіне әсер етеді, жергілікті инфрақұрылымның дамуын және жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін көтереді. Туризм индустриясы инвестицияның жылдам өтелуімен және жоғары дәрежелі тиімділікпен айқындалады. Яғни, туризм мемлекет экономикасына қолайлы жағдай тудырып, оның дамуына әсер етеді.

Кесте 1 - Облыстар тұрғысынан туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны

	Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны			
	барлығы	оның ішінде		
		сырттан келушілер	сыртқа шығушылар	ішкі
Қазақстан Республикасы	1817402	304664	217961	1294777
Ақмола	58529	1377	480	56672
Ақтөбе	63733	9222	4765	49746

Алматы	152593	971	32080	119542
Атырау	91883	30963	5122	55798
Шығыс Қазақстан	168320	8434	3200	156686
Жамбыл	40101	2204	4416	33481
Батыс Қазақстан	36498	6333	7905	22260
Қарағанды	161477	14387	14164	132926
Қостанай	39148	4482	2424	32242
Қызылорда	15141	2020	746	12375
Маңғыстау	59050	8203	2487	48360
Павлодар	60353	2626	2900	54827
Солтүстік Қазақстан	53843	6237	8911	38695
Оңтүстік Қазақстан	55020	4172	1217	49631
Астана	251432	31900	31783	187749
Алматы	510281	171133	95361	243787

Қазақстан – тарихи және мәдени мұрасы бай ел. Еуразия орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің өркениет торабында, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы көліктік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық қиылыста тұр [4].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарихта өз орнын айқындау міндеті орын алды, яғни өткен тарихты қайта саралау қажеттілігі туды. Бұл бағытта мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Осы іс-шараларды біріктіре отырып, тарихымыздың негізінде ұлттық сананы қалыптастыруда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жаңа серпін берді. Рухани жаңғыру қазақтың тарихын саралап қою ғана емес, ол қазақ тарихының негізінде ұлттық идентификация, мәдени тұтастықты қалыптастыру сияқты өзекті мәселелерді шешуді көздейді [5].

Туристік қызмет жүйесінде мәдени-тарихи туризм орны ерекше, себебі ол этномәдени тамырымыз бен бірегейлігіміздің нығаюына өзіндік ықпалы бары сөзсіз.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» еңбегінде: «...Бүгінгі күні Қазақстан ұлттық мүделеріне де, әлемдік деңгейде табиғат, экономика мен қоғам өзара қарым-қатынасының жаңа императивтеріне де жауап бере алатын даму стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асыру үшін аймақтық-табиғи артықшылықтарын пайдалану мүмкіндіктеріне ие» -деп жазды [6].

Соңғы жылдары Қазақстан туристік саласының дамуына көп көңіл бөлініп жатыр. 2009 жылдың қазан айында Астанада өткен Дүниежүзілік туристік ұйым Бас ассамблеясы XVIII сессиясының ашылуында сөз сөйлеген Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтарды жақындастыратын, әлемнің түкпір-түкпіріндегі мәдениетті, тарихты, дәстүр мен тарихты қолжетімді ететін сала ретінде туризмді дамыту маңыздылығын атап өтті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды қорытындылау бойынша Қоғамдық кеңес мәжілісінде мәдени-тарихи орындар мен ескерткіштер негізінде туризмді дамыту қажеттілігі мәселесі көтерілді. 2009-2011 жылдарға «Мәдени мұра» ұлттық жобасы концепциясының жобасы қарастырылған Қазақстан Үкіметі отырысында Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан тарихи мекендерді қамтиын мәдени-тарихи туризмді дамыту ұсынылды. Осылайша, туризмді дамыту мемлекеттік басымдықтардың бірі болды.

Қазақстан халықаралық туризмде де белсенділік танытуда. Осылайша, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұра тізіміне елімізде орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері, «Сарыарқа – Солтүстік

Қазақстан даласы мен көлдері» табиғи мұра объектісі, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Талғар, Қойлық, Қарамерген, Ақтөбе «Степнинское», Өрнек, Құлан, Қостөбе, «Ақыртас» археологиялық кешені, сериялық трансұлттық номинациясының құрамында «Жібек жолы: Чанань-Тянь-Шань дәлізі желісінің маршруттары» кірген.



Еліміздің бірегей мәдени-туристік әлеуетін сақтап қалуға сеп болады. Ол салыстырмалы талдау жасауға, республиканың бай әлеуетін шолуға, сонымен қатар ЭКСПО-2017 көрмесі қарсаңында шетелдік туристердің Қазақстанға деген қызығушылықтарын арттыруға жол ашады. Картада көрсетілген нысандарды көзбен көруге деген туристердің қызығушылығы елімізге мәдени туризм үшін келетін меймандардың санын бірнеше есеге дейін арттыруы мүмкін. Мың рет естігенше, бір рет көрген артық деген бар ғой. Бұл өз кезегінде өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық салалардың дамуына, біздің елге келетін инвестициялар санын арттыруға септігін тигізеді.

Қазақстан үшін туристік нарықты реттеуге, туристік қызмет пен оны ұйымдастырудың заманауи әдістерін ендіруге ықпал ететін туристік саясат стратегиясын анықтау өзекті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан туризмі әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа институты ретінде өзгерістерге ұшырады. Туристік және рекреациялық қызметтерді реттейтін заңнамалық-құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттардың қабылдануы даму үшін әртүрлі әлеуетке ие еліміздің туристік-рекреациялық саласына оң ықпал етті. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының 2001 жылғы «Туристік қызмет туралы», 2003 жылғы «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», 2008 жылғы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары, 2001 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы», 1998 жылғы Қазақстан Республикасының «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» мемлекеттік бағдарламасы, 2017 жылғы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы және тағы да басқа нормативтік-құқықтық құжаттар. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына сәйкес «Қазақстанның киелі

жерлер географиясы» жобасын іске асыру бойынша жұмыс жасалып жатыр. Яғни туризм мен рекреациялық қызметті дамытудың іргесі қаланған.

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде туризм инфрақұрылымын қалпына келтіру және дамыту жүзеге асырылып жатыр, себебі қызмет көрсету индустриясының басқа салаларымен салыстырғанда осы саладағы бизнес бәсекеге қабілетті және табысты. Дегенмен, шешілуі тиіс мәселелер жетерлік, соның бірі – еліміздегі өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы мемлекеттік саясатты оңтайлы қалыптастыру, яғни дифференциацияланған сыртқы және ішкі туристік сұранысты қанағаттандыру мақсатында мәдени-тарихи туризмді дамытудың институттық, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени негіздерін жүйелі ұйымдастырудың мемлекеттік саясатын айқындау маңызды.

2017 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізге алсақ, елімізде туризмді жеделдетіп дамытуға қиындық тудыратын негізгі себептер қатарында:

1) туризм орындарындағы инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы, туристік объектілерге жету қиындығы, туристер демалатын жерлердегі сервис деңгейінің жоғары болмауы, жол бойы инфрақұрылым объектілері сервис сапасының және санының жеткілікті болмауы;

2) туризм саласында білікті кадрлардың, оның ішінде академиялық білім сипатының жетіспеушілігі, білім бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарынан, өндірістер қажеттіліктерінен, жұмыс берушілердің күтуінен біршама алшақтығы және т.б.;

3) визалық және көші-қондық формальділік;

4) мәдени және спорт бағыттарын қоса алғанда, туристік саланы дамытудың кешендік тәсілін іске асыру үшін мүдделі мемлекеттік органдарды үйлестірудің жеткіліксіз деңгейі;

5) әлсіз маркетинг және брендинг;

6) инвестициялық тартымдылықтың төмендігі [7].

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, өңірлік және республикалық туристік саясат арақашықтығын барынша жақындату, оның ішінде туризмнің негізгі көрсеткіштерін сипаттайтын статистикалық мәліметтерді бір қалыпқа келтіру. Статистикалық көрсеткіштерге келген туристер саны, туристік фирмалар қызметінен түскен табыс, қонақтар жайғасу орындарының сыйымдылығы, облыстағы, аймақтағы санаторий, пансионат, демалыс үйлерінің саны және т.б. жатады. Сәйкесінше, туристік саясатты дамыту барысында республиканың өңірлік ерекшеліктерін, облыстар мен аймақ спецификасын, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, табиғи-рекреациялық және мәдени-тарихи объектілердің орналасу тығыздығын, экологиялық жағдайын ескеру қажет [8].

Туристік саясат компоненті – туристік саланы мемлекеттік реттеу. Ол мәдени-тарихи туризмді жүзеге асырудағы іргелі компонент. Ел егемендігін алғалы туризмді мемлекеттік басқару саласында түбегейлі өзгерістер орын алғаны белгілі.

Мәдени-тарихи туризм саласында түрлі ұйымдардың өзара үйлесімде жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін ортақ жұмыстың басты бағыттары туралы ортақ ақпараттандырылу болуы міндетті. Туризм мен саяхаттың Шығыс Мичиган университеті ұлттық мұра мен жергілікті дәстүрді сақтау мен пайдалануға негізделген адекватты туризм концепциясын әзірледі. Концепцияға сәйкес адекватты туризм сол жердің қайталанбас ресурстарына іргесі қаланған, мәдени, тарихи, табиғи мұрасын сақтайды және рационалды пайдаланатын әрекет түрі. Адекватты туризмнің 4 принципін ажыратады: біріншісі, жергілікті мәдени, тарихи, табиғи мұраны сақтап қалуда белсенділік таныту; екіншісі, басқа өңірлерге қарағанда жергілікті мұраның қайталанбас ерекшелігін айқындап көрсете білу; үшіншісі, жергілікті халықта мұраға мақтаныш пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру; төртіншісі, өңірдің қайталанбас мұрасын пайдалану негізінде туризмді дамыту бағдарламасын әзірлеу [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзілік туристік ұйым сайты [Электр. ресурс].- 2018. – URL: <http://www2.unwto.org/ru> (Дата обращения: 09.04.2018)
2. Черненко В.А., Колпащикова Т.Ю. Развитие культурно-познавательного туризма в Северо-Западном федеральном округе Российской Федерации: монография / В.А. Черненко, Т.Ю. Колпащикова. – СПб.: Изд-во СПбГУСЭ, 2012. – 179 с.
3. Гордин В.Э., Сушинская М. Д., Яцкевич И. Теоретические и практические подходы к развитию культурного туризма // Конвергенция культуры и туризма на пороге XXI века: Материалы международной конференции, Эдинбург, Шотландия, 2000. – С.18-19.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы [Электр. ресурс].- 2017. – URL: www.adilet.zan.kz (Дата обращения: 09.04.2018)
5. Н.Ә. Назарбаев. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі: монография/ Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2012. -188 бет.
6. Дуйсен Г.М. Государственная политика Казахстана в сфере туризма: тенденции и перспективы развития [Электр. ресурс].- 2017. – URL: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal> (Дата обращения: 09.04.2018)
7. О.В. Нефедова. Туризм и культурное наследие: проблемы взаимодействия // «Глобализация и туризм: проблемы взаимодействия: Материалы I международной научной конференции, Саратов, Россия, 2009. – С. 9 –14.

Д.А.Сейдуалин, Н.Б.Темиралиева

*Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Государственная политика в развитии культурно-исторического туризма

Аннотация. Автор в данной статье определяет важность туризма и его организационную политику в социально-экономической сфере государства. Описывает методы интерпретации культурного и исторического туризма. Обсуждает конкурентные преимущества, присущие этой сфере туризма. Активное использование исторического и культурного наследия для развития культурного туризма рассматривается как важная часть туристической инфраструктуры. Определяет перспективы туристских кластеров в формировании туристского продукта в развитии культурно-исторического туризма в Казахстане. Описывается эффективность расширения туристической инфраструктуры как центра культурного и познавательного туризма по развитию экономического механизма региона, рассматривается необходимость изучения исторического значения исторических памятников, городов и их вклада в развитие казахстанского туризма сегодня, приводится анализ туристической политики в Республике Казахстан, рассматриваются актуальные вопросы в области культурного и исторического туризма и способы их систематического решения.

Ключевые слова. Туризм, культурные и исторические памятники, государственная политика, туристическая политика.

D.A.Seidualin, N.B.Temiraliyeva

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

State policy in the development of cultural and historical tourism

Abstract. The author in the article defines the importance of tourism and its organizational policy in the socio-economic sphere of the state. The methods of interpreting cultural and historical tourism are described. The competitive advantages inherent in this field of tourism are discussed. The active use of historical and cultural heritage for the development of cultural tourism considers historical and cultural monuments as an important part of the tourist

infrastructure. It defines the boundary of a closed cell cluster that produces light fuel in the production of historical typhoid. The effectiveness of expanding tourism infrastructure as a center of cultural and educational tourism in the development of the economic mechanism of the region will be developed. The study of the historical significance of historical monuments, cities and their contribution to the development of Kazakhstan tourism today are considered. We try to analyze the tourism policy in the Republic of Kazakhstan, current issues in the field of cultural and historical tourism and ways to systematically address them.

Keywords. Tourism, cultural and historical monuments, state policy, tourism policy.

References

1. Duniezhuilik turistik ujym sajty [World Tourist Organization website] [Electronic resource]. Available at: <http://www2.unwto.org/ru>. 2018 (Accessed: 09.04.2018).
2. Chernenko V.A., Kolphashikova T.Ju. Razvitie kul'turno-poznavatel'nogo turizma v Severo-Zapadnom federal'nom okruge Rossiskoj Federacii: [Development of cultural and educational tourism in the North-West Federal District of the Russian Federation] monografija [monograph] (Izd-vo SpbGUSJe, Spb, 2012, 179 p.).
3. Gordin V.Je., Sushinskaja M.D., Jackevich I. Teoreticheskie i prakticheskie podhody k razvitijukul'turnogo turizma [Theoretical and practical approaches to the development of cultural tourism], Konvegrencija kul'tury i turizma na poroge XXI veka: Materialy mezhdunarodnoi konferencii [Conveveration of culture and tourism on the threshold of the XXI century: Proceedings of the international conference], Jedinburg, Shotlandia, 2000. P.18 –19.
4. Kazahstan Respublikasy Ukimetinin 2017 zhylygy 30 mausymyndagy № 406 kaulysymen bekitilgen Kazahstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023 zhyлга dejingi tuzhyrymdamasy [The Concept of Tourist Sector Development in the Republic of Kazakhstan till 2023, approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of June 30, 2017 № 406] [Electr. resour.]. -2017. Available at: www.adilet.zan.kz (Accessed: 09.04.2018).
5. Nazarbayev N.A. Galamdyk kogamdastykty tubegejli zhanartu strategijasy zhane orkenietter seriktestigi: monografija [Strategy for radical renewal of the global community and partnership of civilizations: monograph] (“Zhibek zholy” baspa uji, Almaty, 2012, 188 p.).
6. Dujsen G.M. Gosudarsvennaja politika Kazahstana v sfere turizma: tendencii i perspektivy razvitija [State policy of Kazakhstan in the field of tourism: trends and development prospects] [Electr. resour.]. 2017. Available at: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal> (Accessed: 09.04.2018).
7. Nefedova O.V. Turizm i kul'turnoe nasledie: problemy vzaimodejstvija// “Globalizacija i turizm: problemy vzaimodejstv” Materialy I mezhdunarodnyj nauchnoj konferencii [Tourism and cultural heritage: problems of interaction, Proceedings of the I international scientific conference “Globalization and tourism: problems of interaction”], Saratov, Russia, 2009. P. 9–14.

Авторлар туралы мәлімет:

Сейдуалин Д.А. – экономика ғылымдарының кандидаты, Туризм кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Темірәлиева Н.Б. – Туризм мамандығының 2 курс магистранты, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Seidualin D.A. – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Str. 2, Astana, Kazakhstan.

Temiraliyeva N.B. – undergraduate 2 course specialty tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Str. 2, Astana, Kazakhstan.